

1.	Қауіпсіздік нұсқауы	2
2.	Аксессуарлар тізімі	3
3.	Құрылымға шолу жасау	4
4.	Жүйелік қосылымдар	6
5.	Құрылым қуат көздері.....	8
6.	Жұмыс басталуы	9
7.	Реттеу функциялары.....	10
8.	Программа интерфейсі	11
9.	Автороутинг	15
10.	Қосымша	17
11.	Проблемаларды шешу.....	18

Қауіпсіздік нұсқауы



Тең қабырғалы үшбұрышқа жазылған леп белгісі қолданушы нұсқауындағы маңызды пунктке назар аударады.

ЕСКЕРТУ

1. Электр тоғына түсіп қалу қауіпін болдырмау үшін құрылым корпусын ашпаңыз. Корпус ішінде сіз өз бетіңізше жөндей алатын бөлшектер немесе детальдер жоқ. Ақаулылықтарды жою ұмыстарын білікті техникалық мамандарға тапсырыңыз.
2. Өндіруші аталмыш құрылымға рұқсат етілмеген өзгертулер арқасында пайда болған ақаулылықтарды жоюға жауапты емес.

САҚТАНДЫРУ

Құрылым ішіне сұйықтық енуін болдырмаңыз.


Аксессуарлар тізімі

Prestigio GeoVision 5500 – Аксессуарлар тізімі

Изображение	Описание	Кол-во
	Автомобиль зарядтау құрылымы	1
	Сtereo құлақшындар	1
	micro USB кабелі	1
	Электрондық қаламұ	1
	Тері қап	1
	Пайдаланушы нұсқауы	1
	Кепілді талон	1
	Драйвер және құжаттармен жабдықталған компакт-диск	1

Құрылымға шолу жасау

Алдынан және қапталынан көрінісі



1. Сенсорлі сұйық кристалды-экран

Меню командаларын нұсқау үшін немесе ақпаратты енгізу үшін оны саусағыңызбен немесе электрондық қаламұшпен басыңыз.

2. Батарея зарядының индикаторы

Батарея заряды толық жағдайда индикатор ашық жасыл түспен жанып тұрады, зарядталу процесі кезінде – қызыл түспен жанып тұрады.

3. microSD стандарты жады картасының слоты

microSD стандарты жады картасын орнату үшін, ақпаратты алу үшін немесе жадыны өрістету үшін пайдаланылады.

4. Micro USB порт

Используется для подключения USB кабелін қосу, ақпаратты алу және батареяны зарядтау үшін пайдаланылады.


5. Reset түсіріс батырмасы

Құрылымды қайта іске қосу үшін осы батырманы басыңыз.

6. Микрофон

Дыбыс жазуын жүзеге асырады.

Артынан және қапталынан көрінісі



1. Динамик

Дыбыс, дауыс немесе әуенді жаңғырту үшін пайдаланылады..

2. Қуат көзі батырмасы

Құрылымды қосу немесе өшіру үшін пайдаланылады.

microSD жады карталарын орнату



- microSD картасын орнату кезінде оны коннекторымен бірге құрылымға бұрыңыз, (затбелгісі құрылымның алдыңғы панеліне бұрылып тұруы қажет).
- microSD картасын шығару үшін карта ұшын сәл басып, қорғаныс ілмегін шешіп картаны слоттан шығарыңыз.



Ескерту:

microSD картасын шығармас бұрын ол осы сәтте еш қосымшамен жұмыс істеп тұрмағанына көзіңізді жеткізіңіз

Сыртқы USB-құрылымына қосылу(зарядтау)



- Подключите micro USB-коннектор к соответствующему micro USB-порту.
- Подключите другой USB-коннектор к USB-порту на ПК, чтобы начать зарядку.

Автомобиль адаптерінің қуат көзіне қосылу



- USB-коннекторді тиісті USB-портқа қосыңыз.
- Зарядтауды бастау үшін автомобиль зарядтау құрылымын тұтатқышқа (15В) қосыңыз.



Ескерту:

Автомобиль зарядтау құрылымын тұтатқышқа (12В) қозғалтқышты оталдырғаннан кейін қосқаныңыз жөн, осылайша құрылым кернеу күрт өзгерістерінен сақталады.

Құрылым қуат көздері

Батареяны пайдалану

Сіздің портативті құрылымыңыз ішіне орнатылған қайта зарядталатын аккумуляторлы батареямен жабдықталған. Құрылымды бірінші пайдаланған кезде батареяны толықтай зарядтау керек (кемінде 4 сағат). Зарядталу процессі кезінде зарядтау индикаторы қызыл түспен жанып тұрады, ал батарея зарядталуы аяқталған жағдайда индикатор ашық жасыл түспен жанып тұрады. Зарядтау уақыты шамамен 3 сағатқа тең. Толықтай зарядталған аккумулятор 1 сағатқа дейін жұмыс жасай алады.

Батарея жұмысы кезінде келесіге назар аударыңыз:


- Жаңа батарея бірінші пайдалану кезінде толықтай зарядталуы керек.
- Құрылымды батареясы толықтай бәсеңдегенге дейін зарядтаудың қажеті жоқ.

Жұмыс басталуы



1. Құрылымды қосу үшін қуат көзі батырмасын басып, ұстап тұрыңыз.
2. Сәлемдемеден кейін экранда Басқы мәзір пайда болады.
3. Функцияларды таңдау үшін электрондық қаламұшты пайдаланыңыз.
4. Құрылымды өшіріп және оны ұйықтау режиміне көшіру үшін қуат көзі батырмасын басып, ұстап тұрыңыз.
5. Құрылымды ұйықтау режиміне көшіру үшін **Спящий режим** батырмасын басыңыз, ал оны өшіру үшін **Выкл.** батырмасын басыңыз.

Реттеу функциялары



- Реттеу мәзіріне кіру үшін бас мәзірдегі  батырмасын басыңыз.
- Басқа реттеу функцияларын шығару үшін  батырмасын басыңыз.

**Дауыс
қаттылығы**

Дауыс қаттылығын қалпына келтіру, дыбысты немесе басу сигналын қосу және өшіру.

**Ашықтық
Тіл**

Экран ашықтығын реттеу.
Мәзір тілін таңдау.

**Уақыт және
мезгілі**

Сағаттық белдеу, уақыт және мезгілді реттеу.

Калибрлеу

Ауытқулар жағдайында экранды калибрлеу.

USB

Навигатор мен компьютер арасындағы мәліметтерді тарату реттеу функциялары

**Реттеулерді
түсіру**

Бар жүйелік реттеулерді зауыттық реттеулерге дейін түсіріп тастау



No.	Аты	Функцияларының қысқаша сипаттамасы
1	Компас	Компас белгісін басу арқылы контекстті мәзір ашылады. Бұд мәзірде Сіз карта айналу режимін, карта түрін және картаның күндізгі / түнгі режимдерін реттей аласыз.
2	Дыбыс	Бұл батырманы басу арқылы дыбысты эффектiлер және программадағы дыбысты еске түсірулер қосылып өшіріледі.
3	Алдағы маневр	Алдағы маневр және оған дейінгі қалған қашықтықтың белгісі. Бұл батырманы басу арқылы маршрут функциялар мәзірін ашуға болады.
4	GPS-курсор	Серіктерімен байланыс орнатылған жағдайда сіздің қазіргі тұрған жеріңізді көрсетеді.
5	Ақпарат панелі	Алдағы маневрге дейінгі қалған уақыт, маршруттың жалпы ұзындығы және жолдың ақырғы пункті туралы ақпарат.
6	Маршрут	Навигация қай маршрут арқылы жүзеге асырылып отырғаны сары түсті жалпақ сызықпен көрсетіледі.

No.	Аты	Функцияларының қысқаша сипаттамасы
7	Радар белгісі	Жолдағы радар белгісі, оған жақындау барысында Сіз панельдің оң жақ жоғары бөлігінен Радар жазбасын көресіз, және дауысты немесе дыбысты ескертуді естисіз; ол сізге жылдамдықты бақылауыңызды ескертеді (егер бұл функциялар реттеуде қарастырылған болса). Радар белгісінің қасындағы жасыл тілдер оның бұрылған жағын көрсетіп тұрады.
8	Іздеу	Бұл батырманы басу арқылы Сіз керекті адрес немесе объектің іздеу мәзіріне өтесіз (іздеу жүйесі жайлы толық ақпарат “Функционалдық мүмкіндіктер” бөлімінде берілген)
9	Ақпарат панелі	Қазіргі сәтте қозғалыс орын алып келе жатқан жүргінші жолдың атын көрсетеді
10	МӘЗІР	Программаның бас мәзіріне кіру үшін басыңыз.
11	Масштаб	Картаның ағымдағы масштабы.
12	Кішірейту	Карта масштабын кішірейту.
13	Үлкейту	Карта масштабын үлкейту.
14	Автомасштаб	Егер реттеу функцияларындағы автоматы масштабтау қосылып тұрған кезде .Плюс./Минус. батырмалары арқылы масштаб өзгертілген болса, онда реттеу функцияларында берілген уақыт кезінде автоматы масштабтау өшіріледі. Осы батырма көмегімен Сіз осы функцияны қайта қалпына келтіре аласыз.
15	Қазіргі тұрған орынға қайта оралу	Карта сіздің тұрған орыныңызға байланысты ауытқып кеткен жағдайда бұл белгі дисплейдің оң жағында пайда болады. Картаны тұрған орыныңызбен сәйкестендіру үшін осы батырманы басыңыз.

No.	Аты	Функцияларының қысқаша сипаттамасы
16	Радар	Егер реттеу функцияларында визуальды ескерту өшірілген болса, онда жолда радарға жақындау барысында оң жақ жоғары шетінде панель пайда болады. Онда максималды жылдамдық пен радарға дейінгі қалған қашықтық көрсетіледі. Батырманы басу жылдамдықты асыру жайындағы ескертулерді қосып / өшіреді.
17	Жылдамдық	Ағымдағы қозғалыс жылдамдығы. Серіктермен байланыс орнатылған жағдайда көрсетіледі.
18	Ақпарат панелі	Қазіргі маневрден кейінгі кездесетін жүргінші жолдың атын көрсетеді.
19	Жол нүктесі	Картада қызыл жалаушалармен пайдаланушының жасап шығарған жол пункттері көрсетіледі.
20	GPS	Серіктермен байланысу батырмасы. Белгінің жасыл түсі – байланыс бар, ақ түс – байланыс жоқ дегенді білдіреді. Жасыл тус жанып тұрған уақытта байланыс сапасын түрлі-түсті нүктелер көрсетеді: қызыл – байланыс мүлдем жоқ, сары – байланыс сапасы нашар, жасыл – байланыс орнатылды.

Программа интерфейсі











No.	Аты	Функцияларының қысқаша сипаттамасы
21	Тректі жазу	Тректі жазу батырмасы. Белгінің жасыл түсі – тректі жазу қосылды, ақ түс - өшіріліп тұр дегенді білдіреді. Тректі жазу функциясы жайлы толық ақпарат “Функционалдық мүмкіндіктер” бөлімінде берілген.
22	Картадағы нүкте	Картаға нүкте қою үшін оны стилуспен басыңыз. Ол нүктені сапар нүктесі ретінде сақтауға болады, оны маршрутқа қосып, нүкте қойылған жердегі объекті жайында ақпаратты қарауға болады және т.б.
23	Инфраструктура объекті	Картаға салынған әртүрлі объектілер (бағдаршамдар, метро станциялары, АЗС және т.б.).
24	Нүктелер панелі	Нүктелі панель объектілердің сипаттамасына және оларға қолданылатын іс-әрекеттерге тез қол жеткізуге мүмкіндік береді – мысалы үшін сапар нүктелері және маршруттар. Нүктелер жиынтығы таңдаған объектіден және маршрутта жүргізу статусына байланысты болады.
25	“Орау”	Бұл белгіні басу арқылы картадағы нүктелер және маршруттармен жұмыс жасауға арналған панель жасырылады.
26	Карта еңісі	“Жоғары”/“Төмен” белгішелерін басу арқылы карта еңісін басқаруды жүзеге асыруға болады.
27	Батарея	Бұл белгі зарядталудың батареясының қалған мөлшерін бөлшектер арқылы көрсетеді. Бұл батырманы басып сіз

қалған батареяның процентті мөлшерін және бос жады мөлшерін (МБ) біле аласыз.

Автороутинг

Іздеудегі объектке дейінгі Маршрут



Адресі белгілі объектіге маршрут құру үшін, сіз ең алдымен «Іздеу» мәзіріне кіріңіз-экранның сол жақ бұрышындағы батырма [1]. Одан соң адрес бойынша іздеуді бастаңыз [2]. Ретімен іделіп жатқан қала [3], көше[4] аттарын және үй нөмірін [5] енгізіңіз, өзіңізге керекті объект пайда болғанша дейін клавиатурадан әріптерді теріңіз. Каланы немесе көшені таңдағаныңызды растау үшін - оны басыңыз. Нәтижесінде өзіңізге керекті объект табылса, оған басыңыз [6]. Пайда болған мәзірден «Нүктеге бару»[7] пунктін таңдаңыз. Нәтижесінде сіздің қазір тұрған жеріңізден табылған объектіге дейін құрылған маршруты аласыз [8]. Маршрут бойынша жүруді бастаңыз, немесе мәзірден маршруты симуляциялауды таңдаңыз, ол маневр белгісіне басқан кезде пайда болады [9], - бұл функция GPS сигналы өшіп тұрған кезде ғана жұмыс істейді (Серіктермен байланыстың ақ түсті белгісі).



Автороутинг




Картадан таңдаған нүктеге дейінгі маршрут

Маршрутты Картадан таңдаған нүктеге дейін құруға болады. Бұл нүкте маршрут соңы болып есептеледі, ал оның басы болып сіздің қазіргі тұрған орыныңыз болады. Бұл үшін экранда картаның кез-келген жеріне басу арқылы нүкте қойыңыз [1]. Пайда болған нүктелер панелінен «Нүктеге бару» [2] батырмасын басыңыз. Маршрут құрылды[3].





Бір нүктеден басқа нүктеге дейінгі маршрут

Егер сіз бір нүктеден басқа нүктеге дейін маршрут құрғыңыз келсе, келесі шарттарды орындағаныңыз жөн: картада нүкте қою [1], осы нүктені маршрут басы ретінде белгілеу, ол үшін панельдегі белгіні басу керек [2] (маршрут басының орыны жалаушамен белгіленеді[3]), содан соң маршрутыңыздың ақырғы нүктесін табыңыз [4] және «Нүктеге бару» [5] батырмасын басыңыз. Маршрут бірінші нүктеден екінші нүктеге дейін жүретін болады [6]. Маршрут бойынша қозғалысты бастаңыз.



Егер Сіздің навигаторыңыздың моделі оған тігілген GPRS-модулімен жабдықталған болса, немесе сіздің телефоныңыздың GPRS-модулінің Bluetooth байланысы арқылы Интернетке шығу мүмкіндігі болса, Сізге келесі қосымша функцияларға қол жеткізуіңізге болады, мысалы үшін «Навител. Кептелістер» және «Навител. SMS».

«Навител. Кептелістер»



Аталмыш қызмет Ресей, Украина және Беларусь барлық территорияларындағы жолдардың жүктеулігі жайындағы ақпаратты ұсынады. Оны реттеу үшін келесі нұсқауларды орындаңыз: «Настройки» -> «Другое» -> «Пробки» батырмаларын басыңыз. Жолдағы қозғалыстың қарқындылығы панельде пайда болатын түске әсер етеді: Қызыл – кептеліс, Қызылт сары – қозғалыс қиындатылған, Қою-жасыл – қозғалыс сәл қиындатылған, жасыл – қолайлы жағдай[1] білдіреді.

«Навител. SMS»

SMS-ескертпе алған жағдайда экранда тиісті терезе пайда болады[2]. Терезені жабу үшін “қабылдамау”, немесе мүмкін опцияларды экранға шығару үшін “қабылдау” батырмаларын басыңыз.

Проблемаларды шешу

Егер құрылым жұмысында ауытқулар пайда болса, сервистік орталыққа бармас бұрын төмендегі кестемен танысып, ондағы ақпаратпен салыстырыңыз.



Ескерту:

Құрылым жұмысында қандайда бір ауытқулар байқаған болсаңыз оны дереу өшіріп оны желіден ажыратыңыз. Ауытқуларды ешқашан өз бетіңізше жөндемеңіз, барлық жөндеу жұмыстарын сервис орталығының мамандарына тапсырыңыз.

ПРОБЛЕМА	СЕБЕБІ	ШЕШУІ
Құрылым қосылмайды.	Адаптер дұрыс емес жалғанған.	Адаптердің дұрыс қосылғандығын тексеріңіз
	Батарея тоғынан ажыраған.	Адаптерді батареяны зарядтау үшін қосыңыз
Дыбыс жоқ.	Дыбыс қаттылығы тым аз.	Дыбысын ұлғайтып немесе дыбысты қосыңыз
Бейнелер жоқ	Экран жарықтығы тым аз	Экран жарықтығын реттеңіз
Құрылым серіктерден сигнал алмайды немесе бағыттауды жүзеге асыра алмайды	Сигнал ғимараттармен немесе металды объектілермен бекітілген.	Құрылымды ғимараттар ішінде пайдаланбаңыз. Көлік түрлерінде сыртқы GPS-антеннаны пайдаланыңыз.

Проблемаларды шешу

ПРОБЛЕМА

Серіктік
байланыс
нашар немесе
тұрақсыз.

СЕБЕБІ

Батарея тоғынан
ажыраған.

Құрылым орауыш
материалдармен жабық
тұр.

Құрылым тым тербетіліп
тұр

ШЕШУІ

Адаптерге қосыңыз
немесе батареяны
зарядтаңыз

Орауыш материалдарды
шешіңіз (мысалы,
экраннан қабықшаны

Құрылымды бекітіңіз.